«Әулетіміз үшін бүгін өзгеше күн. Халық әртісі, «Күй анасы» атанған Дина шешеміз осыдан 71 жыл бұрын, 1955 жылы 31 қаңтарда дүниеден озған. Осы кештің басталар алдында күйші Дина көшесінде орналасқан анамыздың ескерткішіне ұрпақтары атынан гүл шоқтарын қойдық. Елорда әкімдігі жанындағы Е. Рахмадиев атындағы филармонияның ұлт-аспаптар оркестрі осы еске алу кешін ұйымдастырып отыр, анамыздың шығармашылығын алдағы уақытта да насихаттауына тілекшіміз. Филармонияның басшылығына және қызметкерлеріне әулетіміздің атынан шынайы алғысымды білдіремін. Осындай кештер басқа өңірлерде өтіп жатса және республикалық ауқымда өткізілсе өте орынды болар еді», деді Төлеген Шаңғытбайұлы.

Күй кеші аталған филармонияның ұлт аспаптар оркестрінің орындауында Дина Нұрпейісованың «Тойбастар» шығармасымен басталды. Кеш барысында оркестр Д. Нұрпейісованың «Кербез», «16-шы жыл», «8 Март», «Жеңіс», «Қазақстанға 30 жыл», «Науысқы», «Әсемқоңыр» күйлерін және Түркештің «Байжұма», Құрманғазының «Қайран шешем», «Сарыарқа» күйлерін орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Оркестрдің сүйемелдеуімен орындалған аталған шығармаларға Қазақстанның Халық әртісі, профессор Айтқали Жайымов пен Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов дирижерлік етті.

Ұлы композитордың күйлері жекелей де орындалды. Атап айтқанда, Мұхит Салыбеков «Шынар», мәдениет саласының үздігі Әмина Бошымова «Домалатпай», республикалық байқаулардың лауреаты Сағи Баймұхат «Ана бұйрығы», Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова «Байжұма», республикалық байқаулардың лауреаты Дарын Құдайберген «Жігер», Айтолқын Тоқтаған «Жаңа бозшолақ» күйлерін нақышына келтіре орындап, күй сүйер қауымды ұлы өнермен сусындатты. Осы тұста айта кетейік, Phd докторы Айтолқын Тоқтаганның жуырда Дина Нұрпейісова туралы монографиясы жарық көрді. Бұл – ұлы күйші жайында тұңғыш Phd еңбек.

Сонымен қоса, республикалық байқаулардың лауреаты Айым Бекбаева айтулы кеште Дина Нұрпейісоваға арнап жазылған Айтқали Жайымовтың «Күй ана» шығармасын орындаса, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Тұрар Әліпбаев Д. Нұрпейісованың «Бұлбұл» және «Қара қасқа ат» күйлерін тыңдарман қауыммен тағы бір мәрте қауыштырды.

***Қазақ қыздарының арасынан тарихта қалған алғашқы күйші***

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Тұрар Әліпбаевтан пікірін білген едік.



«Биыл дүлдүл күйшіге – 165 жыл, бүгінгі кешпен мерейтойдың басы басталып та жатыр. Дина Нұрпейісова Құрманғазы Сағырбайұлының қолынан күй үйренген бірегей шәкірті. Алматыда Абай атындағы опера театры сахнасында Құрманғазының күйлерін алғашқы насихаттаушы. XIX ғасырда өмір сүрген халық композиторларының күйлерін бірден-бір жеткізуші.

Ал, Дина Нұрпейісованың күйлерін жеткізушілердің бірі ұстазымыз Қаршыға Ахмедияров. Үнтаспаға жазылған Д. Нұрпейісованың күйлерін Қ. Ахмедияровқа әкеп берген Сағым Жалмышев деген домбырашы. Ал, бірқатар шығармасын күйші Уақап Қабиғожин жеткізген. Сағым Жалмышевтің қасында 10 жыл жүрдім. Күй ананың шығармаларын сол кісіден үйрендік, көптеген мағлұматтар да алдық», деді ол.

Айтуынша ол күйді дәл Дина Нұрпейісовадай тартқан адамды әлі кездестірмеген.

«Көптеген шығармаларды үнтаспаға жазған ол кісінің дыбыс салу мәнері, орындауындағы техникалық шеберлігі қайталанбайды. Стилін бірден білеміз, өйткені Дина Нұрпейісова өз алдына бір мектеп. Дина анамыз қазақ қыздарының арасынан тарихта есімі алтын әріппен жазылған алғашқы күйші», дейді Т. Әліпбаев.

***Күйді жақынырақ отырып тыңдаудың жөні бір басқа***

Кеш соңында сөз алған Қазақстанның Халық әртісі, профессор Айтқали Жайымовтың айтуынша, күйді 3 000 көрермен сыятын залда тыңдау бір бөлек, жақынырақ отырып тыңдаудың әсері тіпті басқа. Ал, филармонияның камералық залында сахна мен көрермендер аралығы өте жақын.

«Күйді киіз үйде тыңдаған халықпыз ғой. Сондықтан күйді осылай жақынырақ отырып тыңдау өте жақсы. Жалпы, сахна деген Еуропадан келген ғой. Ал біздің дәстүрімізде күйді шай ішіп әңгімелесіп отырып тыңдаған. Дина анамыздың өзі де кілемге отырып, жанына жастық қойып тартқан ғой, домбыра орындықта отырып тартылатын аспаптар қатарынан емес, құрылымы басқаша болғандықтан малдас құрып отырып тартылған. Күй тартқанда домбырашының қолы бос болу керек, ал орындықта отырғанда орындаушыға оңай емес. Келешекте баяғы қазақы дәстүріміздегідей кеш өткізсек деген ойымыз бар», деді Айтқали Жайымов.

***«Домалатпай» күйі Мэхсэти Гәнжәуидің өлеңімен үндес***

К. Байсейітова атындағы Өнер университетінің домбыра кафедрасының профессоры Айтжан Тоқтағаннан пікірін сұраған едік. Оның айтуынша, Дина Нұрпейісованың бір ерекшелігі – импровизаторлығы.

«Куә болған үлкен кісілердің сөзінше, Дина шешеміз бір күйді екінші күні тартқанда сол күйдің 2-ші нұсқасын тартып, ал үшінші күні 3-ші нұсқасын тартады екен. Бұл дегеніміз – төгіліп жатқан ішкі байлықтың молдығы ғой. Иса Байзақов жырда қандай болса, Дина Нұрпейісова күйде сондай болған», деді А. Тоқтаған.

Профессордың пікірінше, Дина Нұрпейісованың өз жанынан шығарған күйлерін домбырашылар жақсы орындап жүр, алайда, мазмұны байи түссе, нұр үстіне нұр.

«Бір мысал айтайын, Өнертану ғылымының докторы Әсия Мұханбетова «Домалатпай» күйі туралы былай дегені бар: «Әзербайжаннның XVIII ғасырда өмір сүрген ақын қызы Мэхсэти Гәнжәуидің мынадай өлеңі бар:

На колесе времен,
Не год, не два.
Кружиться,
Полу жива, полу мертва.
Кружится все,
И этот мир кружиться,
И у меня кружиться...
Голова.

Осы өлеңнің музыкалық баламасы Дина Нұрпейісованың күйі «Домалатпай».

Әсия Мұханбетова өте дұрыс айтып отыр. «Домалатпай» күйі дөңгеленген дүниені, яғни, «бәрі қозғалыста» деген көшпелі дүниетанымды бейнелеген. Дина анамыздың музыкалық мұрасы өте бай, алдағы уақыттарда Д. Нұрпейісова күйлерінің табиғаты (характеристикасы) неғұрлым ашылып, мазмұны байи түссе деп ойлаймын. Динананың үлкен мерекесі әлі алда, қазақ халқы мен домбыра бар кезде Дина бар», деді профессор Айтжан Тоқтаған.

Халқымыздың тарихын, болмысын, рухын бейнелеген аңыз тұлға Дина Нұрпейісованың күйлері терең ой мен нәзік сезімге толы. Ұлы домбырашының әрбір күйі – ұлт руханиятының мәңгілік мұрасы, алтын қазынасы.

**Ш. МҰҚАЕВ, Egemen.kz.**

## АЛТЫН КӨПІР

Қырғыз халқының рухани әлемі туралы сөз болғанда «Манас» жырынан кейін міндетті түрде Шыңғыс Айтматовтың есімі аталатыны белгілі. Осы ретте өмірі мен шығармашылығын тұтастай «Манас» пен Шыңғыс Айтматов әлеміне арнап келе жатқан Абдылдажан Ақматалиев туралы сөз болғанда да осы ұлттың рухани қазынасына, жаңаруына тоқталмай кете алмайсыз.

Абдылдажан Амантұрұлы жөнінде біз алғаш рет университет бітіріп, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылданған кезде естідік. Бөлім меңгерушісі әрі ғылыми жетекшіміз Бауыржан Омарұлы әңгіме арасында докторлық диссертация жазу барысында қазақ-қырғыз ақындарының шығармаларын салыстыра зерттеу қажеттілігі туғанын, қырғыз ақындарының шығармаларын табуда Абдылдажан Ақматалиев көп көмектескенін ілтипатпен еске алып отыратын.

2010 жылы Абдылдажан Ақматалиевпен сол кездегі институт директоры, академик Сейіт Қасқабасов таныстырды. Бұрын Бауыржан аға ол кісі туралы айтқанда көз алдымызға үлкен адам елестейтін. Себебі Абдылдажан ағаны Мұхамеджан Қаратаев, Рахманқұл Бердібаев, Зейнолла Қабдолов сынды академиктермен араласады, мықты ғалым деп отыратын. Соған орай біздің ақсақалдармен шамалас кісі шығар деп ойлағанымыз рас. Сөйтсек, елудің бел ортасындағы орта бойлы, қараторы, жүзі шуақты жан екен. Көзі күлімдеп, баяу даусыспен сөйлегенде кез келген сұхбаттасын өзіне баурап алады. Біздің Абдылдажан ағамен таныстығымыз осылай басталды.

Абдылдажан аға жас кезінен бастапақ қырғыз-қазақ ақын-жазушылары мен әдебиеттанушы-ғалымдарынан көп дос таба білді. Бішкек пен Алматының арасында жиі қатынады. Кандидаттық жұмысын Ш.Айтматов және қырғыз-қазақ әдеби байланысы бойынша жазған ғалым осы күнге дейін ағайынды қос халықтың ғылыми-әдеби қарым-қатынасын нығайтуға айтарлықтай күш салып келеді. Алматыдағы Әдебиет және өнер институтындағы диссертациялық кеңестің мүшесі болды. Кеңеске өзімен бірге Бішкектегі Тіл және әдебиет институтындағы шәкірттерін ерте келіп, қазақ ғалымдарымен таныстыра жүрді. Ол кезде біздің институт академик Сейіт Асқарұлының басшылығымен 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихы», 100 томдық «Бабалар сөзі» серияларын, бірнеше ұжымдық монографиялар дайындап жатқан еді. Абдылдажан аға өз шәкірттеріне сол кітаптарды көрсетіп, өздері де қырғыздың бай фольклоры мен әдеби мұраларын жинақтауы қажет екенін түсіндіріп жүргенін талай құлағымыз шалды. Тіпті 2014 жылы Мұхтар Әуезовтің туған күніне орай ұйымдастырылған конференцияға Қырғыз ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының 30-40 шақты қызметкерін ерте келіп, Алматыдағы Әдебиет және өнер институтының өмірімен, ғылыми еңбектерімен, М.Әуезов музей-үйімен таныстырды. Конференциядағы баяндамасын қорытындылай келе «Әуезов, Айтматов негізін қалаған қазақ-қырғыз ғылыми-әдеби байланысын кейінгі жастар жалғастыруы қажет», дегені әлі жадымызда жаңғырып тұр.

2016 жылдың мамырында Түркі академиясы ұйымдастырған симпозиумға да өзі басқаратын институттың жастарын ерте келгені есімізде. Алматыдан Астанаға дейін жолбасшылыққа Абдылдажан аға тағайындаған Нұрзина Ыйсаеваға көмектесуді маған ұсынды. Сол кездегі басшым академик Уәлихан Қалижановқа айтып едім, ол кісі бірден келісімін берді. Белгіленген күні 2-Алматы вокзалында қырғыз делегациясын күтіп тұрмын. Бір уақытта автобустан қырғыз ағайындар түсіп жатыр. Жолбасшы Нұрзинаға «Манастың қырық шорасы сияқты барлығың Астанаға барасыңдар ма?» дедім қалжыңдап. Сөйтсем Абдылдажан аға жастарды ел көрсін, жер көрсін, қазақтармен таныссын, байланыс орнатсын деп ұйымдастырған екен.

Абдылдажан аға қазақ әдебиетінің абыздарымен бірге өзі қатарлас ғалымдармен де, өзінен жас буынмен де жақсы сыйласты. Қазақ жерінен Бішкекке ат басын бұрған кез келген әдебиеттанушыны жас ерекшелігіне, атақ-мансабына қарамастан құшақ жая қарсы алып, қонақжайлылық танытатыны туралы барғандар жиі айтады. Өзіміз де оған талай куә болдық.

Бұл кісі туралы көп нәрсе айтуға болады. Оның Шыңғыс Айтматовқа деген махаббаты, ұлы жазушының шығармашылығына деген құштарлығының өзі бір төбе. Қырғыз фольклоры мен әдеби мұраларын жинауға сіңірген еңбегі тағы бір төбе. Оны қырғыз ағайындар айта жатар. Абдылдажан Ақматалиевтің екі ел арасындағы дәнекерлігін бізге дейін де көп адам айтқан. Бұдан кейін де айтылары сөзсіз. Біз тек көргенімізді ғана баяндауды жөн көрдік.

Бүгінде Абдылдажан ағамыз да өзі пір тұтқан ағаларындай абыздық жасқа жетті. Ағамызға қажымас қайрат тілей отырып, ағайынды қос елдің арасында Алтын көпір болып жүре беріңіз дегім келеді.

**А. ӘЛІБЕКҰЛЫ, шығыстанушы-ғалым.**

# ӘЛЕМДІК САЙЛАУ КҮНІНЕ ОРАЙ – КО ВСЕМИРНОМУ ДНЮ ВЫБОРОВ

## «Ақмола облысы Бұланды ауданы Капитонов ауылдық округі және Макинск қаласы әкімдерінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жұмысы туралы»

Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 31 желтоқсандағы №64/25 қаулысымен 2026 жылғы 8 ақпанда Ақмола облысы Бұланды ауданының Заңда белгіленген мерзімінде Макинск қаласы әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуына байланысты Капитоновка ауылдық округі әкімінің және Бұланды ауданы Макинск қаласының әкімінің заңда белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Капитоновка ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалды. Бұланды ауданы Капитоновка ауылдық округі мен Макинск қаласы әкімдерінің сайлауын дайындау және өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілді. Сайлау Капитоновка сайлау округінде Капитоновка ауылдық округінің шекарасында және Макинск қаласында Бұланды ауданының Макинск қаласының шекарасында өтеді

Кандидатура кезеңінде өзін-өзі ұсыну арқылы алты кандидат және «AMANAT» партиясы ҚБ-дан екі кандидат ұсынылды. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы қабылданған құжаттар негізінде кандидаттардың «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, уәкілетті органдарды тарта отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасымен айқындады.

Сайлау бюллетеніне 6 кандидат енгізілді.

Үгіт - насихат науқаны 2026 жылдың 18 қаңтарында сағат 18.00-ден кейін басталып, 2026 жылдың 7 ақпанында сағат 00.00-де аяқталады.

Осы сайлау науқанына 1 аудандық аумақтық сайлау комиссиясы және 13 учаскелік сайлау комиссиясы жұмылдырылды.

Капитонов ауылдық округінде учаскелік сайлау комиссиясы: №309 болып табылады.

Макинск қаласында учаскелік сайлау комиссиялары: №№ 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 785, 786, 787.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес учаскелік сайлау комиссиялар аудан әкімі акт бойынша сайлаушылар тізімін ұсынғаннан кейін 2026 жылғы 18 қаңтардан бастап толық құрамда жұмысқа кірісті.

Комиссияның алғашқы отырыстары өткізіліп, онда кезекшілік кестесі бекітілді, сайлау учаскелері сайлау учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайды, дауыс беруге арналған пунктті жарақтандыру жөніндегі ҚР ОСК нұсқаулығына сәйкес ресімделді. 6 ақпараттық баннер жасалды және орналастырылды. Учаскелік сайлау комиссиялары сайлау учаскелері мен ақпараттық стенділерді ресімдеді, онда алдағы сайлау, тіркелген кандидаттар туралы ақпарат орналастырылды, учаске шекарасында тіркелген сайлаушылар, сайлау учаскесінің орны, дауыс беру күні мен уақыты туралы ақпараттандырылды, шақыру қағаздары таратылды.



Бұл науқанда сайлаушылар саны - 13014, оның ішінде бірінші рет дауыс берушілер – 192, туған күн иесі – 4, мерейтой иесі – 1.

Барлық сайлау учаскелері ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интерактивті қолжетімділік картасына енгізілді, мүгедектігі бар адамдар үшін жағдайлар жасалды. Бұланды ауданының қорғау және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің деректеріне сәйкес осы сайлау науқанына мүгедектігі бар 38 адам қатысады, оның ішінде санаттар бойынша: кресло – арбалар-19, көру – 12, есту – 7.

Барлық қажетті ақпарат аудандық «Bulandy Aqparat» газетінде, сондай-ақ, Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде жарияланды.

Капитонов ауылдық округі мен Макинск қаласының сайлаушыларын 2026 жылғы 8 ақпанда сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін сайлауға қатысуға өзінің конституциялық құқығын іске асыруға шақырамыз!

**Бұланды аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.**

## «О работе районной территориальной избирательной комиссии по подготовке и проведению выборов акимов Капитоновского сельского округа и города Макинск Буландынского района Акмолинской области»

Постановлением Буландынской районной территориальной избирательной комиссии от 31 декабря 2025 года №64/25 8 февраля 2026 года назначены выборы акима Капитоновского сельского округа в связи с окончанием установленного законом срока полномочий акима Капитоновского сельского округа и акима города Макинск Буландынского района в связи с досрочным прекращением полномочий акима города Макинск установленных законом срок Буландынского района Акмолинской области. Утвержден календарный план основных мероприятий по подготовке и проведению выборов акимов Капитоновского сельского округа и города Макинск Буландынского района. Выборы пройдут в Капитоновском избирательном округе в границах Капитоновского сельского округа, и в городе Макинск в границах города Макинск Буландынского района.

В период выдвижения были выдвинуты шесть кандидатов путём самовыдвижения и два кандидата от ОО «Партии «AMANAT». Районная территориальная избирательная комиссия на основании принятых документов определила соответствие либо несоответствие кандидатов требованиям, предусмотренным Конституционным Законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», законодательством Республики Казахстан в сфере государственной службы с привлечением уполномоченных органов.

В избирательный бюллетень включены 6 кандидатов.

Агитационная кампания началась после 18:00 18 января 2026 года и закончится в 00: 00 7 февраля 2026 года.

В данной выборной кампании задействованы 1 районная территориальная избирательная комиссия и 13 участковых избирательных комиссий.

В Капитоновском сельском округе участковой избирательной комиссией является: №309.

В городе Макинск участковыми избирательными комиссиями являются: №№ 277, 278, 279, 280, 281, 282, 283, 284, 285, 785, 786, 787.

Согласно календарному плану участковые избирательные комиссии приступили к работе в полном составе с 18 января 2026 г. после предоставления акимом района списков избирателей по акту.

Провели первые заседания комиссии, где утверждали график дежурства, избирательные участки оформлены согласно инструкции ЦИК РК по оснащению помещения для голосования на избирательном участке, пункта для голосования. Были изготовлены и размещены 6 информационных баннера. Участковые избирательные комиссии оформили избирательные участки и информационные стенды, на которых размещена информация о предстоящих выборах, зарегистрированных кандидатах, информированы избиратели, зарегистрированные в границах участка, о месте избирательного участка, дате и времени голосования, разнесли пригласительные.

В данной кампании число избирателей составляет - 13014, в том числе впервые голосующих – 192, именинника – 4, юбиляр – 1.

Все избирательные участки внесены в интерактивную карту доступности Министерства труда и социальной защиты населения РК, созданы условия для лиц с инвалидностью. Согласно данным отдела защиты и социальных программ Буландынского района в данной выборной кампании участвуют – 38 лиц с инвалидностью, из них по категориям: кресло-коляски – 19, зрение – 12, по слуху - 7.

Вся необходимая информация опубликована в районной газете «Bulandy Aqparat», а также на интернет-странице Буландынской районной территориальной избирательной комиссии.

Приглашаем избирателей Капитоновского сельского округа и города Макинск 8 февраля 2026 года с 7.00 до 20.00 реализовать свое Конституционное право на участие в выборах!

**Буландынская районная территориальная избирательная комиссия.**

# Семья – главное пространство формирования личности ребёнка

Каждая комиссия по защите прав детей – это отдельный рассказ о судьбе того или иного несовершеннолетнего. Ведь попадают в комиссию неслучайно, зачастую этому предшествует череда событий, а иногда, действительно, в число «трудных» вдруг попадает ребенок из благополучной семьи.

Подростковый период самый уязвимый, поэтому именно в этот период нужно быть наиболее ближе к ребенку: разговаривать, делиться мнением, расспрашивать о планах, о том, с кем ребенок общается, чем занимается в свободное время. Ведь грань между черным и белым, хорошим и плохим очень хрупкая, можно за миг ее переступить, и каждая, самая малейшая ошибка, может негативно отразиться на судьбе.



Районная комиссия по делам несовершеннолетних и защите их прав при акимате района с начала года провела несколько заседаний, на которых был утвержден план работы комиссии на текущий год, обозначены приоритеты в работе. Кроме рассмотрения представлений, членами комиссии были рассмотрены актуальные плановые вопросы. О состоянии работы по выявлению и профилактике суицидального поведения несовершеннолетних и оказание психолого-педагогической помощи несовершеннолетним в целях предупреждения суицида информировала методист психологической службы районного отдела образования Галия Баитова. Об организации работы по профилактике вовлечения несовершеннолетних в дроппинг и иные финансовые мошеннические схемы через мессенджеры и маркетплейсы выступил на заседании старший участковый инспектор Группы ювенальной полиции Отделения местной полицейской службы Отдела полиции Буландынского района, старший лейтенант полиции Аслан Жусупов.

Очень часто на заседаниях комиссии рассматриваются непростые ситуации, требующие изучения и дальнейшей работы над ошибками. Школа, семья, несовершеннолетние – в идеале все должно работать как единый механизм, но важные детали зачастую упускаются из виду и механизм дает сбой. Но во главу угла в деле формирования несовершеннолетних ставится роль семьи. Семья – это основа воспитания, а школа укрепляет эту основу и дает знания.

К сожалению, очень часто члены комиссии занимают роль воспитателей для горе-родителей. Ведь комиссия по делам несовершеннолетних и защите их прав призвана обеспечивать благополучие детей, однако на практике её деятельность нередко выходит за рамки формального контроля. В ситуациях, когда родители не справляются со своими обязанностями или проявляют безответственное отношение к воспитанию, члены комиссии вынуждены брать на себя воспитательную и разъяснительную роль. Они не только рассматривают правонарушения, но и пытаются повлиять на поведение взрослых, формируя у них осознание ответственности за судьбу собственных детей. Таким образом, работа комиссии часто становится попыткой компенсировать дефицит родительского воспитания.

Так, например, на недавно прошедшем заседании рассматривалось представление в отношении матери несовершеннолетних детей, которая злоупотребляет спиртными напитками. В трезвом состоянии к женщине нет абсолютно никаких претензий, все свои материнские обязанности по отношению к детям она выполняет: дети сыты, одеты, обуты, опрятны и чисты, в доме созданы все условия. Но алкоголь сразу же превращает ее в безответственную личность, неспособную адекватно оценивать свои действия и их последствия. В состоянии алкогольного опьянения женщина утрачивает контроль над своим поведением, перестаёт должным образом заботиться о детях, что создаёт угрозу их безопасности и благополучию. В данной ситуации страшно одно: подобные ситуации могут приобрести систематический характер, тогда уже возникнет необходимость принятия конкретных мер, направленных на защиту прав и интересов несовершеннолетних.



Семья – это начало всех начал. Остаётся главным пространством формирования личности ребёнка. Ответственное родительство, основанное на заботе, внимании и личном примере, определяет не только настоящее детей, но и их будущее. От того, какие ценности и модели поведения закладываются в детстве, напрямую зависит способность ребёнка стать полноценным, социально зрелым и ответственным членом общества.

На комиссиях часто говорится о том, что дети остро чувствуют отношение взрослых и бессознательно перенимают их образ жизни, привычки и ценности. Родители для них - первый и самый важный пример, а воспитание - фундамент, на котором строится вся дальнейшая жизнь.

И пусть будущее наших детей начинается в хорошей, благополучной семье. Пусть будет выше родительская ответственность, забота и личный пример, которые формируют ту основу, которая определяет жизненный путь детей и их место в обществе.

**А. АМАНЖОЛОВА, член комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав при акимате Буландынского района.**

# АҚПАРАТТЫҚ БЕТ – ИНФОРМАЦИОННАЯ СТРАНИЦА

## «Адал полицей» республикалық акциясы аясында

Республикалық маңызы бар «Адал полицей» акциясы аясында Бұланды аудандық полиция бөлімінің бастығының жеке құраммен жұмыстар жөніндегі орынбасары Ернар Кайыржанов аудандық кітапхана қызметкерлері және оқырмандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу іс-шарасын өткізді.

Іс-шара барысында қатысушыларға құқықтық тәртіпті сақтау, қоғамдағы заңдылықты құрметтеу және адалдық қағидаларын ұстану маңыздылығы түсіндірілді. Сондай-ақ, тұрғындарға заңсыз іс-әрекеттерден, алаяқтықтан және құқыққа қарсы жағдайлардан сақ болу жөнінде кеңестер берілді.

Қатысушыларға ақпараттық материалдар мен буклеттер таратылып, сұрақтарға жеке жауаптар берілді. Іс-шараның мақсаты - қоғамдағы заңдылықты нығайту, тұрғындарды құқықтық сауаттылыққа үйрету және адалдыққа тәрбиелеу.

Сондай-ақ, жоғарыда аталмыш акциясы аясында полиция подполковнигі Ернар Қайыржанов аудандық мәдениет үйінде кездесу ұйымдастырды. Іс-шара барысында құқықтық тәртіпті сақтау, қоғамдағы заңдылықты құрметтеу және адалдық қағидаларын насихаттау бағытында ақпараттық түсіндірмелер берілді.

Қатысушылар акция аясында жасалған жұмыстар туралы танысып, өзекті сұрақтарын қойып, пікір алмасу мүмкіндігіне ие болды.

**Бұланды АПБ.**

## В рамках республиканской акции «Честный полицейский»

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Заместитель начальника Буландынского отдела полиции по работе с личным составом Ернар Каиржанов провел мероприятие среди сотрудников районной библиотеки и читателей в рамках республиканской акции «Честный полицейский».

Во время акции участникам рассказали о важности соблюдения правопорядка, уважения законности в обществе и принципов честности. Также были даны рекомендации по защите от противоправных действий, мошенничества и других опасных ситуаций.

Участникам раздавали информационные материалы и буклеты, на все вопросы давались индивидуальные ответы. Цель мероприятия - укрепление законности в обществе, повышение правовой грамотности жителей и воспитание честности.

Аналогичная встреча была организована в районном Доме культуры, в ходе которой были предоставлены разъяснения по вопросам соблюдения правопорядка, уважения закона в обществе и пропаганды принципов честности. Участники ознакомились с проводимой работой в рамках акции, а также получили возможность задать актуальные вопросы и обсудить их.

**Буландынский РОП.**

## Мемлекеттік қызметшілердің әдептілігі

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес, мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан көрсетілген ерекше сенімнің көрінісі болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Сонымен қатар, Әдеп кодексінің нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілер қарапайым болуы, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауы, өз әрекеттері мен мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға себеп болмауы тиіс.

Әдеп кодексінің нормаларын бұзудың алдын алу мақсатында мемлекеттік қызметші барлық қажетті шараларды қабылдауы қажет: еңбек және атқарушылық тәртіпті бұзбау, құқықтық тәртіпті және жол қозғалысы ережелерін сақтауы, әріптестерінің және келушілердің жеке және кәсіби қасиеттерін, сондай-ақ сыртқы келбетін талқыламауы, дауыс көтермеуі, кез келген адаммен жанжалдардан аулақ болуы, қоғамдық орындарда белгіленген мінез-құлық нормаларын сақтауы тиіс.

Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік қазынашылық департаменті департамент пен аумақтық бөлімшелер қызметкерлері арасында әдептік және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында уәкілетті органдар өкілдерінің қатысуымен семинарлар, дәрістер, ZOOM-кеңестер, дөңгелек үстелдер өткізіп, қызметтік әдеп нормаларының сақталуына мониторинг пен бақылау жүргізеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік желілердегі аккаунттарына тұрақты негізде талдау жүргізіледі, онда қоғам тарапынан сын тудыратын компрометациялық фотосуреттердің, бейнематериалдардың және өзге де материалдардың орналастырылуы тексеріледі. Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын бақылау мақсатында анонимді сауалнама жүргізіледі. Бұл өз кезегінде жағдайды бағалауға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарды, оның ішінде мемлекеттік қызметтің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтарды болдырмауға бағытталған шараларды әзірлеуге, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтау жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, құқық бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу және профилактикалық шаралардың тиімділігін арттыру ең алдымен мемлекеттік органның өз ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Ал ұжымдағы қолайлы моральдық-психологиялық климат, әріптестер арасындағы ізгі қарым-қатынас әрбір мемлекеттік қызметшінің жұмысына оң әсер етіп, нәтижесінде мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттырады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі мемлекеттік органдарға қоғамның сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметтегі өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің нормаларын қатаң сақтау тұтастай алғанда мемлекеттік аппаратқа деген халықтың сенімін арттыруға, өйткені қоғам мемлекеттік қызметшілердің өз кәсіби қызметінде барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жұмсап, өз Отаны - Қазақстан Республикасына адал, әділ әрі бейтарап қызмет ететініне сенім артуға құқылы.

**А. ҚАИРЖАНОВА, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Қазынашылық комитетінің Ақмола облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі.**

## Что такое корь и чем она опасна?

Уважаемые родители! Мы просим Вас быть внимательными к своим детям.

В настоящее время эпидемиологическая ситуация по инфекционному заболеванию как корь не стабильна. В последние годы во многих странах Европы отмечается рост заболеваемости корью. Рост заболеваемости корью ВОЗ связывает с низким охватом вакцинации против кори. Это создаёт высокий риск завоза данной инфекции на территорию Казахстана и быстрого её распространения среди не привитого населения.

Что же такое корь и чем она опасна?

Корь - острое инфекционное заболевание, характеризующееся подъемом температуры до 38-40° С, общей интоксикацией, воспалительными явлениями со стороны слизистых глаз, носоглотки, верхних дыхательных путей, поэтапным появлением сыпи. Появляются общее недомогание, головная боль, снижение аппетита, нарушение сна.

Для периода высыпания характерно появление сливающейся сыпи в виде пятен розового или красного цвета. В первый день элементы сыпи появляются за ушами, на волосистой части головы, на лице и шее, верхней части груди; На второй день высыпания сыпь покрывает туловище и верхнюю часть рук; На третьи сутки элементы сыпи выступают на нижних конечностях, а на лице бледнеют. Источник инфекции – больной человек. Распространение вируса происходит воздушно-капельным путем, с капельками слюны, при чихании, кашле, разговоре. С потоком воздуха вирус может разноситься на значительное расстояние. Заражение может произойти при вдыхании воздуха в помещении, где незадолго до этого находился больной корью. Если человек не болел корью или не был привит от этой инфекции, то после контакта с больным заражение происходит практически в 100% случаев. Больной корью человек опасен для окружающих в течение 7-10 дней. Естественная восприимчивость людей очень высокая, после заболевания вырабатывается иммунитет на всю жизнь. Повторные заболевания корью крайне редки. При заболевании корью могут возникать довольно серьёзные осложнения. В их число входят воспаление легких (пневмония), воспаление среднего уха (отит), а иногда и такое грозное осложнение как энцефалит (воспаление мозга). Необходимо помнить о том, что после перенесенной кори на протяжении достаточно продолжительного периода времени (до 2-х месяцев) отмечается угнетение иммунитета, поэтому ребенок может заболеть каким-либо простудным или вирусным заболеванием, поэтому нужно оберегать его от чрезмерных нагрузок, по возможности — от контакта с больными детьми. Единственной надежной защитой от заболевания является вакцинация против кори, которая включена в Национальный календарь прививок.

Родителям рекомендуется: — проверить прививочный статус своего ребенка против кори, в случае отсутствия вакцинации – получить профилактическую прививку против кори; — ограничить участие в различных культурно-массовых мероприятиях, посещение игровых площадок в торгово-развлекательных центрах непривитых против кори детей;

Если Вы или Ваш ребенок заболели, необходимо: при появлении первых симптомов заболевания с катаральными явлениями (повышение температуры тела, головная боль, слабость) и сыпью необходимо обратиться к врачу, пройти обследование на корь и следовать всем его рекомендациям; в случае тяжелого состояния вызвать скорую медицинскую помощь; до прихода врача ограничить контакты с родственниками, знакомыми и другими людьми; при кашле и чихании прикрывать рот и нос, используя носовой платок или салфетку, чаще мыть руки водой с мылом; использовать средства защиты органов дыхания (например, маску или марлевую повязку); не заниматься самолечением!

Профилактика кори. Единственным доступным и эффективным методом борьбы с инфекцией является вакцинация. В соответствии с Национальным календарем профилактических прививок плановая вакцинация детям против кори проводится в возрасте 12 месяцев и повторно - в 6 лет. Также должны прививаться взрослые в возрасте 18-35 лет, не болевшие корью, не привитые ранее или не имеющие сведений о вакцинации против кори (иммунизация проводится двукратно с интервалом не менее 3-х месяцев между прививками). Вакцинация необходима всем контактировавшим с больным корью, у которых нет достоверных сведений о сделанной прививке против кори или перенесенной в прошлом кори. Вакцины против кори создают надежный иммунитет, сохраняющийся более 20 лет. Вакцинация предупреждает развитие кори, даже если она проведена во время ухудшения эпидемической ситуации.

Корь – опасная инфекция. Успейте защитить ребёнка!

**А. ДАДИБАЕВА, врач-эпидемиолог Буландынской районной больницы.**

## Весенний паводок: готовность и меры

В связи с приближением весеннего периода на территории района возрастает риск возникновения паводковых ситуаций, связанных с активным таянием снега и возможным подъёмом уровня воды в реках и водоёмах.

ОЧС Буландынского района совместно с местными исполнительными органами на постоянной основе осуществляет мониторинг паводковой обстановки. В рамках профилактических мероприятий проводится очистка водоотводных каналов, арыков и водопропускных сооружений, а также принимаются меры по обеспечению беспрепятственного пропуска талых вод. Особое внимание уделяется населённым пунктам, находящимся в зоне возможного подтопления.

С населением проводится разъяснительная работа по соблюдению мер безопасности в паводковый период. Жителям рекомендуется своевременно очищать придомовые территории от снега, не допускать захламления арыков и водостоков, следить за состоянием хозяйственных построек и приусадебных участков. В случае угрозы подтопления гражданам необходимо заранее подготовить документы, предметы первой необходимости и соблюдать указания экстренных служб.

* * *

## Чрезвычайную ситуацию лучше предупредить

С наступлением отопительного периода на территории Буландынского района традиционно возрастает риск возникновения пожаров и отравлений продуктами горения, связанных с нарушением правил эксплуатации отопительных приборов и печного оборудования.

ОЧС Буландынского района напоминает жителям о необходимости строгого соблюдения мер пожарной безопасности в быту. Особое внимание следует уделять исправности печного отопления, дымоходов и вентиляционных каналов. Перед началом и в течение отопительного сезона рекомендуется проводить их своевременную очистку, не допускать трещин в кладке печей и перегрева отопительных приборов.

Категорически запрещается использовать неисправные электрические обогреватели, оставлять их без присмотра, а также сушить одежду и другие горючие материалы вблизи источников тепла. При эксплуатации печей недопустимо применять легковоспламеняющиеся жидкости для розжига и складировать золу вблизи строений.

ОЧС Буландынского района призывает граждан быть внимательными и ответственными, соблюдать элементарные правила безопасности и незамедлительно сообщать о признаках пожара или задымления в экстренные службы. Соблюдение мер безопасности в отопительный период - залог сохранения жизни, здоровья и имущества.

* * *

## Не рискуйте здоровьем и жизнью!

Нахождение на льду водоёмов в зимний и весенний периоды связано с повышенным риском для жизни и здоровья. В условиях перепадов температур прочность ледяного покрова снижается, что может привести к провалам под лёд.

При выходе на лёд необходимо убедиться в его прочности. Безопасным считается лёд толщиной не менее 10-12 сантиметров для одного человека. Особую опасность представляют участки вблизи берегов, камышей, мостов, мест сброса тёплой воды, а также зоны с течением.

Запрещается выходить на лёд в тёмное время суток и в условиях плохой видимости, а также находиться на льду в состоянии алкогольного опьянения. Недопустимо собираться группами в одном месте и подходить к промоинам и трещинам.

В случае возникновения опасной ситуации необходимо немедленно покинуть опасный участок и сообщить в экстренные службы. Соблюдение мер безопасности при нахождении на льду - залог сохранения жизни и здоровья.

**ОЧС Буландынского района.**